

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының бос лауазымына конкурс өткізу туралы хабарлайды

1. Орналасқан жері: 111200, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 3 шағынаудан, 23 үй, тел. 8(71433)32960, school3lis@yandex.kz
2. Конкурс директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының бос лауазымына 16 сағат 172 015 теңге еңбекақы төлеу арқылы өткізіледі. Негізгі функционалдық міндеттері: Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады, білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдаланады; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес жеке, жүйелі-әрекеттік, пәндік нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді, инклюзивті білім беру үшін жағдай жасайды; интерактивті Оқу материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде сабақтар ұйымдастырады; әдістемелік бірлестіктердің, педагогикалық кеңестердің отырыстарына қатысады; ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады; ата-аналарға кеңес береді; кәсіби құзыреттілікті арттырады; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерін сақтайды; білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді; ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады; тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады; білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.
3. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамалары мен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары: тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат немесе ХІ-мен орта мектепті бітіргені туралы құжат Біліктіліктің орташа деңгейіне жататын 1995 жылға дейінгі педагогикалық;
және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл;
және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.
4. **Құжаттарды қабылдау мерзімі** - 2025 жылғы 25 тамыз – 02 қыркүйекке дейін (қос алғанда).
5. **Құжаттарды қарастыру мерзімі** – 2025 жылғы 03 – 09 қыркүйекке дейін (қоса алғанда)

6. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу (тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;
- 11) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

Педагогтерді жұмысқа қабылдау ҰБДҚ базасы <https://hr-nobd.edu.kz>, яғни Модульдің штаттық режимде жұмыс жасағанына дейін Қағидалардың 91-тармағына сәйкес, бос лауазымдарға педагогтерді тағайындау конкурсын және конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау қағаз түрінде жүзеге асырылатынын айтып өтті.

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім
бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
2025-2026 оқу жылындағы педагогтердің бос лауазымға конкурстық
комиссия отырысының №1 хаттамасы**

Өткізу күні: 22.08.2025 ж.

Өткізу орны: 204 каб.

Уақыты: 15.00

Қатысқандар: 8 адам (7 комиссия мүшесі + 1 хатшы)

Күн тәртібінде:

1. Конкурстық комиссияның мүшелерін сайлау
2. Конкурстық комиссияның уақытын хабарлау

1.Тыңдалды. Конкурстық комиссияның мүшелерін сайлау. Сөйледі. Директордың оқу-істері жөніндегі орынбасары Танирбергена А.Ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №7 бұйрығына 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 бұйрығымен енген өзгерістер «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі педагогтерді жұмысқа қабылдау үшін 8 адамнан тұратын конкурстық комиссиясы құрылды: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – Тулебаева Д.Ж., кәсіподақ ұйымының төрайымы Құрметбек Б., тарих пәні мұғалімі Жансүгір Д.С., физика пәні мұғалімі – Аяпбергена Ж.О., бастауыш сынып мұғалімі Акишова Ш.Б., қамқоршылық кеңесінің мүшесі Стригина Ю.Б., қалалық білім бөлімінің әдіскері Жамаева А.Т.. Конкурстық комиссияның 7 мүшесінен, оның ішінде конкурстық комиссия мүшелерінің қатарынан сайланатын Төрағадан тұратын алқалы жұмыс органы болып табылады. Комиссия құрамына білім беру ұйымының әкімшілігі өкілдері, тиісті деңгейдегі әдістемелік кабинет немесе білім беру ұйымы кабинетінің әдіскерлері, білім беру саласының азаматтық қоғамының мүшесі, қалалық білім бөлімінің маманы, педагогтер. Конкурстық комиссия отырыстары аудио/бейне жазбамен сүйемелденетіні ескертілді. Отырысқа қатысқан педагогтердің ұсынысы бойынша конкурстық комиссияның төрағасы болып қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – Тулебаева Д.Ж., конкурстық комиссияның хатшысы ретінде, комиссия мүшелері қатарына кірмейтін Демеубаева А.К. химия пәні мұғалімі ұсынылды. Бұл ұсынысты барлық комиссия мүшелері қолдады.

2. Конкурстық комиссияның уақытын хабарлау. Сөйледі. ДОТІЖО Танирбергенова А.Ж. Конкурстық комиссияға құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 бұйрығы 2 параграф 31 тармағы бойынша 7 жұмыс күн ішінде құжаттарды қабылдайтыны және қабылданған құжаттарды қарастыруға 5 жұмыс күн берілетіндігі айтылды. Педагогтерді жұмысқа қабылдау ҰБДҚ базасы <https://hr-nobd.edu.kz>, яғни Модульдің штаттық режимде жұмыс жасағанына дейін Қағидалардың 91-тармағына сәйкес, бос лауазымдарға педагогтерді тағайындау конкурсын және конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау қағаз түрінде жүзеге асырылатынын айтып өтті.

Шешімі:

1. Конкурстық комиссия төрағасы Тулебаева Д.Ж., хатшысы Демеубаева А.К. тағайындалсын.
2. Конкурстық комиссия құжаттарын қабылдау уақыты 25 тамыз – 02 қыркүйек аралығы, құжаттарды қарастыру уақыты 03 – 09 қыркүйек аралығында қарастырылсын.


Конкурстық комиссияның төрағасы:

 Тулебаева Д.Ж.

Конкурстық комиссияның мүшелері:

 Құрметбек Б.

 Жансүгір Д.С.

 Аяпбергенова Ж.О.

 Акишова Ш.Б.

Стригина Ю.Б.

Жамаева А.Т.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

 Демеубаева А.К.